Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2026 жылғы 10 сәуір Іс № 3115-26-00-2/585 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР: «Құрылыс Сапа Сарапшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Құрылыс Сапа Сарапшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Құрылыс Сапа Сарапшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Құрылыс Сапа Сарапшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім 2026 жылғы 10 сәуірде дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г.К., 10.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 19.05.2026, Судья Ажакаева Г.К. 19.05.2026

3115-26-3-1/608